

№34 орта мектебі бойынша  
Педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріктіріле өткізілген отырысының  
№ 3 хаттамасы

2020 жылдың 28 тамызында Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебінде педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріктірілген отырысы болып өтті

Қатысуға тиісті 64

Қатысқаны 63

Қатыспағаны 1

Күні тәртібінде:

1. Жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытуға арналған пилоттық жобаға ену туралы
2. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру

*Тыңдалынды*

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Айзакова А.Ж жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытуға арналған пилоттық жобаға ену - заман талабы. Пәнді және тілді оқытудың кіріктірілген әдістері бойынша ағылшын тілі және пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсатында мектебіміздегі ағылшын тілі пәні мұғалімі Қарашолакова Ж.С және физика пәні мұғалімі Утебаева Б.Р, химия пәнінің мұғалімі Кубланова А.Ж мен информатика пәнінің мұғалімі Дәулетбай С.С, биология пәнінің мұғалімі Алгазина Р.К, физика пәнінің мұғалімі Бахиева С CLIL технологиясы бойынша біліктілігін арттырып сертификаттарына ие болды. Биылғы оқу жылында 8 «Ә», 9»А» класы физика пәнін, 9»А,Ә» кластары химия пәнін ағылшын тілінде оқып шықты. Биылғы оқу жылында жалғастырады және де 8 «А» химия, физика, 8 «Ә» биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытуды бастайды. Мұғалімдерге ағылшын тілінде оқыту элементтерін ішінара оқыту арқылы еңбек ақылары төленеді. 8-9 класс оқушылары және олардың ата-аналар(занды өкілдері) арасындағы дайындық жұмыстары жүргізілді, ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқуға ынтасын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Нәтижесі талданып, оқушылардың аталған пәнді үш тілде оқытуға тілек ниеттері бар екендігі анықталды. Сонымен қатар биылғы оқу жылы біздерге елдегі жағдайға байланысты санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды сақтай отырып, қашықтықтан оқытуды ұйымдастырамыз. Ата-аналардың өтініші негізінде кезекші топтарды анықтап (1А,Ә,Б, ЗБ) 7топ оқытуды бастағалы отыр. Әр топта 15 оқушыдан аспайтын балалар отырады. Қалған класс оқушылары қашықтықтан оқитын болады. Оларға ата-аналардың өтініші негізінде мектептен компьютер, ноутбук, роуторлар акт түрінде беріледі. Қазіргі таңда 16 ноутбук, 65 компьютер оқушыларға таратылып берілді. Оқушыларға алдағы уақытта мектептегі бар компьютерлер таратылып беріледі. ҚББ-не 20 ноутбукке, интернеті жоқ оқушыларға қазақтелеком мен роуторға тапсырыс берілді. Қыркүйек айының 15 не дейін оқушылар интернетпен қамтамасыз етіліп болады. Мұғалімдер сабақты білім ленд, ZOOM, WATSAPP платформаларымен кері байланыс жасап, үнемі байланыста болады.

Келесі сөз мектеп қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ш.Ж.Жонысоваға берілді. ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқыту мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Пилоттық жобаға көзқарастарын анықтау мақсатында оқушылардың ата-аналары арасында сауалнама/сұрақ – жауап алынды. 9 класс оқушыларының ата-аналары физика пәніне оң нәтижесін беріп, жақсы пікірлер айтып қолдау көрсетті. Нәтижесі сараланды. Ата –аналар ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқытуға өз келісімдерін берді.

Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңес мүшесі Г.Ермағанбетова сөз алды. Елімізде болып жатқан санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты оқушылардың қашықтықтан оқып, білім алғандары дұрыс деп есептеймін. Әр баланың денсаулығы біз үшін маңызды, әрине барлық оқушылардың мектепте оқығаны жақсы, дегенмен елдегі болып жатқан жағдайды ескере отырып қашықтықтан оқытуға жағдай жасалып, қадағаланып отырылса, қиындық болмайды деп ойлаймын. Кезекші топтарда оқитын оқушылар санитарлық жағдайларды сақтап, екі сағат сайын бетперделерін ауыстырып, антисептиктері жеке-жеке болатын болса мектебімізде қиындықтар болмайтынына күмәнім жоқ.

бетперделерін ауыстырып, антисептиктері жеке-жеке болатын болса мектебімізде қиындықтар болмайтынына күмәнім жоқ.  
Төмендегідей шешім қабылданды

1. Мектеп жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытуға арналған пилоттық жобаға биылғы оқу жылында физика, химия, информатика, биология пәндері ұсынылсын. Осы аталған пән мұғалімдеріне еңбек ақылары ішінара (100%) төленсін.
2. 1 «А,Ә,Б»,3 «Б» кластары кезекші топта, 2-11 класс оқушыларына қашықтықтан оқыту ұйымдастырылсын. Мектептің балансындағы компьютер, ноутбук оқушыларға таратылып берілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Жонысова Шәрбат Жаугаштиевна

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Сагинтаева Калия Сагинтаевна

Ермагамбетова Гулбану Куандыковна

Құдайберген Орал Болатович

Курамысов Адиль Сагидуллаевич

Мурсалова Акмарал Амангалиевна

Балышов Ұбынғаббас Бақытович

Бегимбетова Меруерт Жалгыскановна